

Т. Ж. Жүкенов, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің 3-бағам студенті

Ғылыми жетекшісі: Жұмашева А. Б., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің заң ғылымдарының магистрі, арнайы құқықтану пәндер (циклдік) комиссиясы оқытушысы

ТОНАУ МЕН ҚАРАҚШЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қандай да заман, қандай да қоғам болмасын мемлекет — ішкі және сыртқы саяси құрылымдарға негізделетіндіктен бірінші кезекте қуатты заңға, жан-жақты ойластырылған құқықтық жүйеге арқа сүйейді. Мемлекеттік заңнама — ел іргесін беріктендіретін, мемлекеттің ішкі тәртібін қатайтып, жұртшылықтың мәдениетін арттырып, сауатын ашуға ықпал ететін — қуатты күш десек артық айтқандық емес. Заңды білу — білімділік, құрметтеу — мәдениеттілік, ал оны сыйлау және оған жүгіну — ардың ісі. Арлы адам — заңға бағынған, заңға жүгінген, сол арқылы өз мемлекетінің мерейін тасытуға жекелей үлес қосатын және аса бір асқақ сезіммен өз мемлекетін, өзінің заңнамасын мақтан ете алатын адам.

Меншікке қарсы қылмыстардың көпшілігі материалдық қылмыс құрамын құрайды, олардың объективтік жағдайында көрсетілген үш элементтен: құқыққа қайшы іс-әрекеттерден, қылмыстық-құқықтық норма диспозициясында көрсетілген мүліктік зиян ретіндегі зардаптардан, сондай-ақ құқыққа қайшы әрекет пен орын алған зардаптың арасындағы себепті байланыстан тұрады. Ұрлыққа, алаяқтыққа, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап етуге қарағанда тонау талан-таражға жататын қылмыс нысандарының қауіпті түрі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 178-бабында «Тонау, яғни бөтен мүлікті ашық ұрлау» деп көрсетілген. Тонаудың тікелей объектісі болып бөтеннің мүлкіне қол сұғу болып табылады. Сонымен бірге тонау көп объектілі қылмысқа жатады. Сондықтан да оның қосымша тікелей объектісі болып жеке адамның денсаулығы, бостандығы да жатады. Ал қарақшылық — талан-таражға салудың ең қауіпті түрі болып табылады. Қылмыстық заңда «қарақшылық, яғни бөтен мүлікті ұрлау мақсатында шабуыл жасауға ұшыраған адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету немесе тікелей осындай күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау» деп (179-бап) анықталған. Қарақшылықтың объективтік жағы адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету немесе тікелей күш қолданамын деп қорқытумен ұштасқан шабуыл жасау арқылы белгіленеді. Осыған орай қарақшылықтың объективтік жағы негізінен екі әрекет арқылы: шабуыл жасау және күш көрсету арқылы жүзеге асырылады. Қарақшылық пен тонауды тергеу кезінде міндетті түрде оқиға болған жерді қарап тергеу әрекеттерін жүргізу керек, себебі нақты іс-әрекет қылмыс оқиғасы туралы ақпаратты алуға көмектеседі. Осындай қылмыстарды ашу кезінде кейінгі жылдары ҚР ІІМ ішкі істер бөлімдері тұлғаны идентификациялауға «Образ плюс» субъективтік портрет элементтер жүйесі, бейнекамералар, арнайы бағдарламалар, мысалы жоғалып кеткендер кіргізілген мәліметтер базасы бар компьютерлерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Алайда, бұндай арнайы бағдарламалардың барлығын толық және жетік білетін кадрлар саны көп деп айта алмаймыз. Сондықтан, жоғарғы оқу орындарында осындай кадрларды дайындауға, яғни бұл саланы оқытатын пәндердің сағат көлемін көбейтуге көңіл бөлінген

жөн. Криминалистиканың ұсынған тәсілдерінің басты белгісі оның ғылыми дәйектілігі, дәлелдігі мен тиімділігі болып табылады.

Қорыта келгенде, қарастырылып отырған қылмыстардың алдын алу үшін, қазіргі заманда қолданылатын әр түрлі қорғану сигнализацияларды, техникалық құралдарды қолданған жөн, сонымен қатар полиция қызметкерлері тонау мен қарақшылық жасауды алдын алу үшін бұзақылықпен, суық қаруды жасау және өзімен бірге алып жүру қылмыстарымен белсенді күресін дұрыс жолға қойып, тиімді жүргізсе, қылмыс жасаудың статистикалық көрсеткіші төмендеп, заң қорғау органдары қызметінің жұмыс қажеттілігіне сұраныс артады деген ойдамыз.